

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гумилев Л., Көне түріктер Алматы 2001
2. Келімбетов Н., Ежелгі әдеби жәдігерліктер. Алматы; Фолиант, 2004
3. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. Алматы, Білім, 1993
4. Көкалып З., Түрікшілдік негіздері. Алматы, 2000
5. Стеблева И.В. Поэзия тюрков V-VIII в.в. н.э., Автореферат дисс. На соискание ученой степени канд. Филологических наук. Москва, Алматы, 1965г.
6. История всемирной литературы. Т., 2. «Наука», Москва, 1987 г.
7. Жүсіп Хас Баласағұн., Құтты білік. (көне түркі тілінен ауд. А. Егеубаев А., «Өлке» 2006 ж

## Резюме

В данной статье рассматривается тюркское мировоззрение и его место в казахской поэзии. Раскрываются общие идеи, мотивы, духовные ценности турецкого и казахского народа.

## Resume

In this article is investigated the interrelation Turkish world outlook of Kazakh poets. The author of clause opens the general ideas, motives, spiritual values Turkish and Kazakh people.

*Дилек ЕРЕН,*

*Сүлейман Демирел университетінің оқытушысы*

## МАҚАЛ МЕН МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ

Қазақ және түрік халықтарының баға жетпес әдеби бай мұрасының бірі — мақал-мәтелдер екені белгілі. Мақал-мәтелдер – бабалар тарихының айқын көрінісі мен куәгері ғана емес, қазіргі көркем сөз байлығының мәйегі болып табылады. Сонымен қатар, мақал-мәтелдерді елдіктің белгісі, түркі халықтарының рухани негізі, қаһармандық, адамдық жолы деуге де болады.

Мақал- мәтелдер ең әуелі халық өмірін, философиялық түсінігін, тіршілік тынысын, ерлік рухын, әдет-ғұрпын кеңінен қамтиды. Мақал мәтелдерді тұтастай алып қарағанда ең алдымен бір ұлттың бүтін бейнесін көз алдымызға алып келгендей болады.

Мақал-мәтелдердің айтушысы да, таратушысы да халық. Мақал мәтелдердің арнайы ақын, жырау, жыршы сияқты орындаушысы, жырға қосып айтатын өкілдері болмайды. Тапқыр, ұтымды, ықшам, орамды сөйлеген кез келген адамның қажетіне қарай сөз арасында жұмсалатын, терең ойдың куәсі де, шешен тілдің мәйегі де осы — мақал-мәтелдер.

«Келелі ойды, кең мазмұнды данышпандық ақыл-өсиет түрiнде салмақты айтатын, айтқанда соншама дәл әрi әдiл, ащы мысқыл, әдемі әжуасы аралас келiп, тапжылтпай мақұлдатып тастайтын» [18, 76]. Ендiгi кезекте мақал мен мәтелдiң бiр-бiрiнен айырмашылығын белгiлеуде әдебиетшi ғалымдар мен тiлшi мамандардың жүйелi зерттеулерiне мән берейiк.

Мақал-мәтелдер ең алдымен фольклористика ғылымының бiр саласы болып саналады. Сонымен бiрге мақал мәтелдер мағыналық және танымдық жағынан көп қырлы құбылыс екенi ғылымда дәлелденген.

Мақал мен мәтелдi бiр-бiрiнен ажырату жұмыстары орыс тiлшiлерi мен халықтың даналық сөздерiн жинастырушыларының арасында ХIХ ғ. басталып кеткен болатын. Атап айтсақ, И.М.Снегирев, В.И.Даль, А.А.Потебня секiлдi зерттеушiлер өз еңбектерiнде мақал мен мәтелдiң айырмашылықтары туралы арнайы тұжырымдар айтады. Айталық, Р.Сәрсенбаев, Ө.Айтбаев, С.Сәтенова, А.Нұрмаханов, Б.Уызбаева т.б. қазақ ғалымдары да мақал мәтелдердiң өзара айырмасын ғылыми жұмыстарына арқау еттi.

Осы тақырыпта зерттеу жүргiзген түрiк әдебиеттану ғылымының өкiлдерiнен Дурубь Эмсали-Текезаде М.Сайд, Шемсеткен Салш, Хусейн Хазим Кадри, Сади Г.Кырымлы, Мустафа Ниһат Озан, Феридун Фазыл, Исмайл Тюлбенчи, Мухиттин Гюнеш, Түркер Ажароғлы, Левент Доған, Абдулвахап Қара, Осман Мерт сынды зерттеушiлердi арнайы атап өтуге болады.

ХIХ ғасырда-ақ орыс тiлшi ғалымдары мақал мәтелдердi семантикалық белгiлерiне байланысты ажыратуды зерттейдi. И.М.Снегирев мақал мен мәтелдi мағынасына қарап ажыратуды алға тартады: «Мақал өмiрдегi маңызды нәрселерге шынайы түрде қорытынды жасаса, мәтелде ол тұспалдау, ұқсастыру (уподобление), салыстыру арқылы берiледi» [19].

Зерттеушiлердiң және бiр тобы мәтелдi белгiлi бiр жағдайды немесе белгiлi бiр құбылыстың жекелеген қасиеттi сипаттайтын, сөйлеу тiлiнде кең қолданылатын тұрақты бейнелi сөз тiркесi екендiгiн айтады. Мақал мәтелдердiң айырмашылығын олардың құрылым-құрылысымен байланыстыра қарайды, яғни мақал аяқталған толық сөйлем түрiнде келсе, мәтел сөз тiркесi күйiнде келедi.

Бұл зерттеушiлерге қарсы айтылған пiкiрлер де бар. Мәтелдiң тек қана сөз тiркесi түрiнде ғана емес, сөйлем түрiнде де келетiнiне мән берiлген жұмыстарда түрлi мысалдармен негiзгi уәж делелденген. Мысалы, Аз асқа бақауыл болма, аз елге жасауыл болма; Қызым, саған айтам, келiнiм, сен тыңда т.б. мәтелдер қос тармақты күйде, тiптi құрмалас сөйлем түрiнде жасалып тұрғандығы белгiлi.

Мұның өзi мақал мен мәтелдiң табиғатының бiр-бiрiне жақындығынан хабар бередi. Содан шығатын қорытынды: бiр-бiрiне етене

жақын, бір құбылыстың қос қанатындай екі көрінісі іспеттес мақал мен мәтелдің өзара ортақ және ерекше өзгешеліктері бар екендігі болмақ. Мақалда себеп пен салдар қатар жүрсе, мәтелде құбылыстың себебі ғана, болған жағдайдың өзі ғана айтылып, олардың салдары мен нәтижесі астарлы айтылады.

Қазақ түрік халықтарындағы мақалдың жоғарыдағы анықтамасын айқындай түсетін бірер мысал келтірсек:

1. Alim umuttur, kalem unutmaz  
/Ғалым ұмытшақ  
Қалам ұмытпас. ТХМ /  
Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді. ҚХМ
2. Ақыл жастан, асыл тастан ҚХМ  
Akıl yaşta değil, baştadır  
/Ақыл жаста емес, баста ТХМ/
3. Akılın ölçüsü ilim  
/ Ақылдың таразысы – білім. ТХМ /  
Білімдіден ақыл шығар,  
Ақылды қарттан нақыл шығар. ҚХМ

Ал енді қазақ түрік халықтарындағы мәтелдің жоғарыдағы анықтамасын айқындай түсетін бірер мысал келтірсек:

1. İnsan taştan pek, gulden naziktir  
/ Адам тастан қатты, гүлден нәзік ТХМ /  
Дүниеде тас қатты, тастан да адамның басы қатты. ҚХМ
2. Allah insana iki kulak, bir ağız vermiş  
/Алла адамға екі құлақ, бір ауыз берген. ТХМ/  
Басқа бәле тілден. ҚХМ
3. Құдайдан қорқпағаннан қорық... ҚХМ  
Allah'tan korkma, Allah'tan korkmayandan kork. ./ Алладан қорықпа,

Алладан қорықмағандан қорық. ТХМ

Түрік әдебиетінде мақал және мәтел деп арнайы айырып зерттемегенмен қазақ әдебиетіндегі мақал мен мәтелдің ерекшелігі кездесіп отырады. Ол жоғарыдағы мысалдарда да айқын көрінеді. Мәселен *akıl yaşta değil, baştadır* /Ақыл жаста емес, баста ТХМ/ деген мақалда ой айқын айтылған, сонымен бірге *Akılın ölçüsü ilim* / Ақылдың таразысы – білім. ТХМ / деген мақал да осы категорияға кіреді. Ал мәтелдің анықтамасына сай келетін атасөзлер де түрік ауыз әдебиеті үлгілерінде көптеп кездеседі. Жазда терлемеген, қыста жаурайды ТХМ, Үйірінен айрылған қасқырға жем болады /Sürüden ayrılanı (ayrılan kuzuuyu, koyunu) kurt bakar (yer) деген атасөзлер мәтелдің табиғатына сай келеді. Демек, сөйлеушінің мәтел арқылы астарлап, тұспалдап айтқан ойын тыңдаушы өзінше түсініп, одан өзінше қорытынды шығарып, өзінше тағылым алуы қажет. Қазақ түрік мақал мәтелдеріне ортақ ерекшеліктер жетерлік. Әсіресе бұл ерекшеліктер мәтелге байланысты

айқын көрінеді. Кейбір мәтелдердің айтар ойын білу үшін ұлттық салт-дәстүрді, түркілік не қазақы түсінік пен дүниетанымнан хабардар болу қажет. Мәселен, «Аңдамай сөйлеген ауырмай өлер» деген мақалды түсіну оңай, өйткені бұл жерде ой анық, мәселенің себебі мен салдары ашық баяндалып берілген. Ал мәтел мазмұнына сай келетін түрік халқының «Осман түркінің наны дізесінің үстінде», «Осман түркі арбамен қоян алар», «Падишахтың сыртынан да қылыш сермейді» деген тәрізді атасөздерін алсақ. Бұл жерде оқырман түрік халқының тарихи жағдайынан хабардар болу қажеттігі туады. Мәтел сөздерде келтірілген мағына осман мемлекеті кезеңіндегі тіршілік пайымдауларынан туғандығы сол арқылы мәлім болады.

Ал қазақ халқындағы «Аз асқа бақауыл болма, аз елге жасауыл болма» деген мәтелді алып қарайық. Бұл жерде мағынаны білу үшін тыңдаушы ойлануы керек. Өйткені бұл жерде істің себебі айтылмай, тек нәтижесі ғана айтылып тұр. Сондықтан бұл мәтелді ұғыну үшін ұлттық дәстүрден хабардар болуы керек. Мәселен, дәл осы мәтелдің өзіндік мазмұнын, онда айтылған ойдың мәнін толық түсіну үшін; біріншіден, қолданысы сиректеп кеткен бақауыл сөзінің ертеректе үлкен той-жиындарда, хан атынан шүлен таратуда ас пісіртіп, табақ тарту мәселесін басқарушы адамды айтқандығын; екіншіден, өзі аз ғана асты ел дәстүріне сай сыйлы-сыбағалы мүшелермен таратып, көпшіліктің көңілінен шығу оңай болмайтындығын; үшіншіден, туыс-тумалардан тұратын шағын ауылда жасауылдық жасап, бшіік жүргізудің де тиімді тіршілік еместігін билік қажет. Бұларды білмеген адамға мәтелдің толық сыры ашылмайды [17].

Осы жерде қазақ тіл біліміндегі зерттеулерге сүйеніп мақал мен мәтел арасындағы айырмашылықтарды келтіре кеткенді жөн көрдік:

1. Мақал уағыз, өсиет, өнеге түрінде келеді, онда дәлел мен қорытынды пікір қатар беріледі.

Мысалы: >> Жүйелі сөз жүйесін табады,

Жүйесіз сөз иесін табады;

Мәтел айтылатын ойды тұспалдап, астарлап емеурін арқылы жеткізеді.

Мысалы: >> Дария жанынан құдық қазба.

1. Мақалда себеп пен салдар қатар жүріп, жалпы идеясы сол мағыналар жиынтығынан шығады.

Мысалы:

>> Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің;

>> Ауруын жасырған өледі;

Атасы жақсы көргенін айтады, атасы жаман бергенін айтады.

Мәтелде құбылыстың себебі ғана немесе болған жағдайдың өзі ғана айтылып, олардың салдары мен нәтижесі көмескі қалады. Сөйлеушінің мәтел арқылы астарлап, тұспалдап айтқан ойын тыңдаушы өзінше түсініп, өзінше қорытынды жасайды.

Мысалы: >> Қыздың жолы — жіңішке;

>> Әсіре қызыл тез оңар.

Қорыта айтқанда мақал - халықтың өмірден алған тәжірибесінің, ойтұжырымының түйіні, ойды үлгі-өнеге, ақыл түрінде қысқа қайырып, көркем түрде баяндайтын халық даналығы, ғибраты мол өсиет сөздер.

Мәтел болса мақалға қарағанда ойды аяғына дейін ашып бермей, топшылама, болжам түрінде түсіндіретін, сөйлем күйінде де, сөз тіркесі күйінде де келетін тұрақты сөз тіркестері де бар сөздер.

Ал мақалдың да мәтелдің де қасиеттерін қатар қамтитын халық даналығының көркем сөз үлгілері сөз өнері ғылымында арнайы зерттелмей келеді. Қазақ тіл білімінде мұндай оралымдарға төмендегідей халық даналығының көркем сөз үлгілерін жатқызып жүр:

Мысалы: >> Сыр сипағанды білмейді, жаман сыйлағанды білмейді;

>> Жүрген аяңқа жөргем ілінер, жатқанға жан жуымас;

>> Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме;

>> Аузымен орақ орғанның белі ауырмас;

>> Ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымас т.б.

Халық даналығының көркем сөз үлгілерінің және бір түрін академик Ә.Қайдарі тәмсіл деп атауды ұсынады. Тәмсіл сөздерге белгілі бір аңыз, ертегі, тарихи оқиғаға байланысты шығарылған астарлы мағынасы бар халық даналығының көркем сөз үлгілерін жатқызамыз. Яғни тәмсілдердің белгілі бір оқиғаға байланысты шығу тегі, түп-төркіні болады, Тәмсілдердің құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға, түсіріп айтуға немесе өзге синоним сөздермен алмастыруға келмейді. Тілімізде күнделікті өмірде жиі қолданылатын тәмсіл сөздер аз емес. Солардың халық арасында кеңінен тараған бірнеше түріне мысал келтіруге болады.

Мысалы: >> Қайда барсаң - Қорқыттың көрі;

>> Абылайдың асында шаппағанда, атаңның басына шабасың ба?

>> Аяз би әліңді біл, құмырсқа, жолыңды біл;

>> Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта — сүмірейген;

>> Өлдің, Мамай - қор болдың;

>> Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры;

>> Барар жерің Балқан тау, ол да біздің көрген тау,

>> Өз болмай, мәз болмайды;

>> Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты;

>> Көп қорқытады, терең батырады;

>> Құланның қасынуына – мылтықтың басуы;

>> Күлтөбенің басында күнде жиын; т.б. [17, 42].

Осы тектес халық даналығының көркем сөз үлгілері түрік халқында да кездеседі. Түрік халық ауыз әдебиетінде де атасөздерге мағынасы жағынан жақын бірақ толық оған келмейтін нақыл сөздер, ғибратты тарихи пайымдар жеткілікті. Оларды да жүйелеп арнайы зерттеу күн тәртібінде

тұрға мәселе болып отыр. Бұл келтірілген тәмсіл нақыл сөздердің түп төркіні бүкіл түркі жұртына ортақ екендігі белгілі. Ғалымдар дәлелдеуінде Қорқыт ата, Оғыз нама, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни еңбектерінде кездесетін даналық сөз үлгілері осы бастаудан хабар беріп тұр. Барша түркі халқына ортақ бұл туындыларда жоғарыда мысалға келтіріп өткен халық даналығының көркем сөз үлгілері көптеп кездесетінін айта кету керек.

#### **Пайдаланылған әдебиет:**

1. Қазақ мақал мәтелдері. Жинап, құраст. Ө.Тұрманжанов. А., 1997.
2. Р.Бердібай. Бес томдық шығармалар жинағы. Кәусар бұлақ. Екінші том. А., 2005.
3. Musaoğlu Mehman. Türk Halkları Atasözlerinin Konu ve Dil Özellikleri // Türk Lehçeleri ve Edebiyatı Dergisi. – Şubat, 1997. – S. 79-82.
4. Ариф хикмет Пар.Örnekli Açıklamalı Atasözleri.1991, Serhat Yayınevi, İstanbul
5. Қайдаров Ө., Тұрабаева Ғ. Қазақ мақал-мәтелдері мен авторлық-стильдік инварианттары жайында // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. -Алматы, 1982, N3.
6. Ергөбек Қ. Қазақ мақал-мәтелдері. –Түркістан: Халықаралық қазақ-түрік университеті баспаханасы, 2004, -411 б.
7. Махмуд Кошғарий. Турк сузлар девони (Девони Луғотит турк) Уч томлик. I Т., 1960, Ташкент.
8. Өмәр Асым Аксой. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü. 1988, İnkılap Kitabevi, İstanbul
9. Ариф хикмет Пар.Örnekli Açıklamalı Atasözleri.1991, Serhat Yayınevi, İstanbul
10. Türk Dil Kurumu. Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü, 2009, Ankara

#### **ÖZET**

Bu makale Türkçe’de atasözü olarak bir bütün halinde alınan söz kalıplarının Kazakça ‘da iki başlık altında toplandığını anlatmaktadır.

#### **RESUME**

This article makes it clear that in Kazakh language the proverbs are collected under two classification groups whereas in Turkish language they are considered as one group.